Жалпы, тарихи деректерге сәйкес, 1937-38 жылдары еліміздің 118 мың азаматы сотталып, 25 мың адам ату жазасына кесілген. Сталиндік репрессия кезінде қазақтың зиялы қауым өкілдері мен дарынды азаматтары жазықсыз жаланың құрбаны болып, қаза тапты. Тарих беттеріне қанды бояумен жазылған нәубетті жылдардың ызғары тимеген отбасы кемде-кем. Содан болса керек, бүгінгі митингке жиналған жұртта есеп болмады. Олар елдік жолында көз жұмған ата-бабаларының рухына құран бағыштап, ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

<http://syr-media.kz/news/tarihtan-ta-ylm-tkenge-ta-zym-2/>

Бүгін Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ҚР Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым — өткенге тағзым» халықаралық форумы аясында ҚР Президенті Архиві құжаттары бойынша Қазақстан Ғылым Академиясымен бірлесіп әзірленген «Қазақстан тарихы. 1917–2012» хрестоматиясы таныстырылды. Жұртшылыққа ұсынылып отырған жинақ құжаттары негізінен ҚР Президенті Архивінен іріктелген және олар Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кезеңдерін қамтыған қоғам дамуының түрлі мәселелеріне қатысты есептер, қызметтік хаттар, шолулар және

мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткерлерінің жеке қорларынан алынған деректер болып табылады.

Хрестоматия жоғарғы оқу орындарына арналған және «Қазақстан тарихы» курсының типтік бағдарламасына сәйкес келеді. Жинақ XX ғ. басынан Тәуелсіздіктің бел ортасына дейінгі қоғам дамуының барлық негізгі кезеңдерін қамтиды. Хрестоматияның «Қазақстан кеңестік дәуірде», «Тәуелсіз Қазақстан» тарауларының өзі тарихи кезеңдерге бөлінеді: тоталитарлық жүйенің қалыптасуы және 1917–1940 жж. соғысқа дейінгі кезең, Қазақстан 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарында, соғыстан кейінгі және 1946–1985 жж. тоқырау, 1986–1990 жж. қоғамның демократиялық жаңаруы және тәуелсіздіктің 1991 жылдан бері қалыптасу кезеңдері.

Бірінші тарау Қазақстан тарихының кеңестік кезеңін көрсетеді. Кеңес үкіметінің құрылуынан —1917 ж. бастап тоталитарлық жүйенің ыдырауы мен демократиялық қоғам үрдістерінің басталуы кезеңдеріне – 1990 жылдарға дейінгі уақытты қамтиды. Жинақтың негізгі құжаттары – кеңестер мен Компартия съездерінің материалдарынан, жоғарғы билік органдарының заңдары мен декреттерінен үзінділер, жергілікті партия және кеңес органдарының елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы туралы, шаруашылықты ұжымдастыру, байлар мен орта шаруалардың мал-мүлкін тәркілеу, халық шаруашылығын индустрияландыру, мәдениет, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамыту туралы есептері мен шолулары. Сондай-ақ қазақ зиялыларының орталық және республикалық органдарға жергілікті биліктің әрекеті туралы жазған жеделхаттары мен хаттары. КОКП ОК бірінші хатшысы Н. С. Хрущевтің КОКП XX съезіне жасаған жеке басқа табынушылық және оның салдары туралы тарихи баяндамасынан үзінді, Семей полигонында ядролық қаруларға сынақ жүргізу туралы баяндама жазбалар.

Кітаптың Екінші тарауы – «Тәуелсіз Қазақстан» Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылдан 2012 ж. дейінгі кезеңді қамтиды. Соңғы дата ҚР Президенті Н. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауында айтылатын 2012 ж. 14 желтоқсанындағы «Қазақстан –2050» стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Тәуелсіздіктің тарихи межесі ретінде белгіленді. Тәуелсіздік кезеңі құжаттары ҚР Заңдарынан, ҚР Президенті Жарлықтарынан, ҚР Жоғарғы Кеңесі пен Үкімет қаулыларынан, түрлі мемлекеттік бағдарламалардың үзінділерінен, ел дамуының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша анықтамаларынан тұрады. Сондай-ақ жинаққа ҚР Президентінің мақалалары, республикалық, халықаралық конференцияларда сөйлеген сөздері, ҚР Президентіне, Үкіметіне шет ел мемлекеттері басшыларының, үкіметтерінің хаттары, ҚР Президентінің ел азаматтарына үндеулері мен жолдаулары енгізілді. Елдің ұзақ мерзімді ұлт жоспарының мазмұнынан үзінділер, ведомстволар мен министрліктердің мемлекет экономикасының, қоғамдық институттары мен саяси жүйесінің дамуын суреттейтін талдау жазбалары бар. Қазақстан Халықтары Ассамблеясы – қоғамдық келісім институтының қалыптасуы жөніндегі құжаттар енгізілді. Құжаттардың көпшілігі қазақ тіліндегі түпнұсқалар. Мәліметтер архивтің кітап және газет қорларынан да алынды.

Тарауға енгізілген материалдар мазмұны Қазақстан Республикасы жаңа тәуелсіз мемлекетінің нығаюын және оның халықаралық саяси аренаға шығуын, ондағы зияткерлік көшбасшылығы мен саяси бастамаларын, мемлекеттің ішкі саясатының стратегиялық жоспарлауын тарихи оқиғалар желісімен ашады.

Басылымның ғылыми анықтамалық аппараты оның пайдаланылуын оңтайландырады. Ол XX–XXI ғғ. Қазақстан тарихы жөніндегі құжаттар мен материалдар жинақтарының тізбесімен толықтырылды. Оның ішіндегі тек 87 құжаттар жинағын ҚР Президенті архиві даярлап шығарған.



<http://syrboyi.kz/negizginews/11652-tarihtan-taylym-tkenge-tazym.html>

"Тарихтан тағылым – өткенге тағзым" халықаралық жобасының эстафетасын бұл жолы сырбойылықтар қабылдап алды. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті

Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Дархан Мыңбай, шетелдік және отандық ғалымдар, өңірлік ҚХА хатшылығының меңгерушілері, репрессия және депортация құрбандарының ұрпақтары қатысуда. Форум қонақтары алғашқы қадамын сұлу Сырдың көрікті жерлерін аралаудан бастады. Жоғары оқу орындары, колледждер мен мекемелерде ҚХА мүшелерінің, ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы, студенттердің қатысуымен өткен бейбітшілік сабақтарына белсене араласты. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті дамытуды, ұлттық кодты тарихи сана арқылы жаңғыртуды көздеген сабақта ҚР Президенті Архивінің директоры Борис Жапаров, Қазақстан халқы Ассамблеясы Оңтүстік Қазақстан облыстық хатшылығының меңгерушісі Мұратәлі Қалмұратов "Мәңгілік Ел" идеясы, Елбасы ұстанған бейбітшілік пен келісім, тұрақтылық саясаты жайлы баяндама жасады. Алаш ардақтылары мен күштеп жер аударылған халықтардың тарихына қатысты сирек те құнды деректер алға тартылды. Сондай-ақ, делегаттар Сырдария ауданы, Нағи Ілиясов ауылындағы Қоғамдық келісім кеңесінің жұмысымен танысып, этносаясат бағытынан ақпар алды. Шаралар легі Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында "Теңдессіз сый" акциясымен жалғасты. Акция аясында кітапханаға ҚХА кітаптары табысталып, "Қазақстан тарихы. Құжаттар мен материалдар (1917-2012)" хрестоматиясының тұсаукерсері өткізілді. Айта кетейік, осымен сегізінші мәрте ұйымдастырылған форумның мақсаты бір. Ол – сырға толы тарихтың қойнауына терең үніліп, шаң басқан құжаттарды зерттеу. Ұзақ жылдар бойы үнсіз жатқан құндылықтарды жарыққа шығару, қуғын-сүргін жылдарындағы адам төзгісіз ауыртпалықты жас ұрпаққа жеткізу. Ең бастысы, тәуелсіздік бізге сан ғасырлар бойғы күреспен, азаттыққа ұмтылған қайсарлықпен келгенін ұмытпау. Сондықтан, жастар да тарихқа құрметпен қарап, ел ертеңі жолында құрбан болған бабалар рухына тағзым етуді парыз етуі тиіс. Себебі, өткенсіз бүгін де, болашақ та болмақ емес.

<http://syrboyi.kz/zedelnews/11644-yzylorda-oblysynda-halyaraly-forumy-tude.html>

Қазақстан халқы Ассамблеясы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» жобасы аясында Қызылорда облысында халықаралық форум өтуде. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жарияланған

халқымыздың «ұлттық кодын» тарихи сана арқылы сақтауға бағытталған халықаралық шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – ҚР Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Дархан Мыңбай, шет ел және республикадан келген ғалымдар, өңірлік ҚХА хатшылығының меңгерушілері, «Қоғамдық келісім» КММ-і басшысының орынбасарлары, зұлмат жылдардың тарихын зерттеуші мамандар, репрессия және депортация құрбандарының ұрпақтары, Қоғамдық келісім кеңесінің өкілдері, барлығы 100-ден астам делегат қатысты. Қуғын-сүргін жылдарының адам төзгісіз ауыртпалығы ешқашан қайталанбауы үшін, тарихи құндылықтарды сақтап, жастарға өткен тарихты ұғындырып, санасына сіңіру, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту мақсатын көздеген форум 29 мамыр мен 1 маусым аралығында өтеді. Осымен сегізінші мәрте өткізіліп отырған халықаралық жобаның эстафетасын бұл жолы сырбойылықтар қабылдап алды. Форум қонақтары алғашқы қадамын киелі орынның кара шаңырағындай гүлге оралған сұлу Сырдың көрікті жерлерін аралаудан бастады. 30 мамыр күні жоғары оқу орындары, колледждер мен мекемелерде ҚХА мүшелерінің, ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамының, мұражай, кітапхана, архив қызметкерлері, кәсіпорын өкілдері, студент жастардың қатысуымен бейбітшілік сабақтары өтті. Мұнан соң, форум делегаттары Қызылорда облысы, Нағи Илиясов ауылындағы Қоғамдық келісім кеңесінің жұмыстарымен танысты. Айта кететіні, тағылымды ісімен, еңбекқор тұрғындарымен танылған Сырдария ауданындағы Нағи ауылы – қазір Сыр өңірінің ғана емес, еліміз бойынша үлгілі елді мекен. Делегация мүшелері сол ауданның этносаясат бағытындағы жұмыстарынан да ақпар алды. Шаралар легі Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Теңдессіз сый» акциясымен жалғасты. Акция аясында кітапханаға ҚХА кітаптары табысталды және «Қазақстан тарихы. Құжаттар мен материалдар (1917–2012)» хрестоматиясының таныстырылымы (ҚР Президентінің Архиві) болды.



http://el.kz/kz/news/obshchestvo/tarihtan_tagilim_otkenge_tagzim

Форум аясында түрлі іс-шаралар өтуде. Осындай іс-шаралардың бірі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде басталды. Іс-шараға ҚХА мүшелері, ЖОО-дың

оқытушы-профессорлық құрамы, музейлер, мұрағаттар мен кітапханалардың қызметкерлері, кәсіпорындар мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Іс-шарада ҚР Президенті Мұрағатының директоры Борис Жапаров дәріс оқыды. Ол өз сөзінде жыл сайын өткізілетін Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» форумының мән-мағынасына, өзектілігіне тоқталды. «Форум шеңберінде өтіп жатқан бүгінгі бейбітшілік сабақтарының мақсаты – жастардың патриоттық сезімін ояту, толеранттылықты дамыту, жеке тұлғалық мәдениеттілікті, құқық қорғау және жеке бас бостандық ұғымдарын түсіндіру», - деді ол.

Форум аясында Қызылордада тағы бір маңызды іс-шараны атап өтуіміз қажет. Ол Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасында «История Казахстана. 1917-2012. Документы и материалы» құжаттар жинағының таныстырылымы.

Іс-шараға ҚР Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қызметкерлері қатысты.

Сонымен қатар, таныстырылым шеңберінде «Ассамблеядан теңдессіз сый» акциясы өтті.

«Бүгін облыстық кітапханада осындай маңызды іс-шара өтті. Өз басым «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» форумын ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған игілігі мол жоба деп білемін. Осы форум аясында Ассамблея кітапханамызға теңдессіз сый жасап жатыр. Бұл кітаптар ұрпақтан ұрпаққа жетіп, тарихтан сыр шертіп, облысымыздың рухани қазынасын айналады. Қазіргі кезде кітап оқу және кітапхананы қолдау – бұл бүгінгі қоғам дамуының басты мақсаттарының бірі. Тәуелсіз еліміздің нығаю мен өркендеу жолындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының қажырлы еңбегіне табыс тілеймін», - деді өз сөзінде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың директоры Нұржамал Мырзамұратова.

ҚР Президенті Архивінің құжаттары бойынша шығарылған "История Казахстана. 1917–2012" хрестоматиясы Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп даярланды.

«История Казахстана. 1917-2012. Документы и материалы» құжаттар жинағы Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кезеңдерін қамтыған, қоғам дамуының түрлі мәселелеріне қатысты есептер, қызметтік хаттар, шолулар мен мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткерлерінің жеке қорларынан алынған деректерден тарады.

Хронологиялық принцип бойынша құрастырылған хрестоматия жоғарғы оқу орындарына арналған "Қазақстан тарихы" курсының типтік бағдарламасына сәйкес келеді және Қазақстан қоғамының XX ғ. басынан 2012 жылға дейінгі дамуының барлық негізгі кезеңдерін қамтиды. Хрестоматияның "Қазақстан кенестік дәуірінде", "Тәуелсіз Қазақстан" тарауларының өзі: тоталитарлық жүйенің қалыптасуы және 1917–1940 жылғы соғысқа дейінгі кезең, Қазақстан 1941–1945 жылғы Ұлы отан соғысы жылдарында, соғыстан кейінгі және 1946-1985 жылғы тоқырау, 1986-1990 жылдардағы қоғамның демократиялық

жаңаруы және 1991 жылдан бері тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңдері тарихи кезеңдерге бөлінеді деген.

Қызылордаға жиналған форум қатысушылары қоғамдық сананы Қоғамдық келісім кеңестері тұрғысында жаңғыртпақшы.

Оған дәлел, Нағи Илиясов атындағы ауылында ҚХА Қоғамдық келісім кеңесінің «Қоғамдық сананы Қоғамдық келісім кеңестері тұрғысында жаңғырту» атты көшпелі отырысы. Іс-шара ҚХА «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық форумы аясында ұйымдастырылды.

Отырысқа ҚХА, Қоғамдық келісім кеңестерінің, ғылыми-сараптамалық кеңестің мүшелері, «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мекемелерінің қызметкерлері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Әміржан Әлпейісов, Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры:

— Бүгін Қазақстан халқы Ассамблеясы Алаштың анасы болған Сыр елінде «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» форумын өткізгелі жатыр. Осы форум аясында өтіп жатқан Қоғамдық келісім кеңесінің отырысы батыр ағамыз Нағи Илиясовтың туған ауылында ұйымдастырылғаны қуантады. Ауылдың жетістіктерін баршамыз білеміз. Бұл ауылды мақтамаймыз, бұл ауылмен мақтанамыз. Мұндағы көрсетіліп жатқан қонақжайлылық, тұрғындардың жүзіндегі күлкісі, ауылдың әсем келбеті келісім мен бірліктің көрінісі деп білемін.

Сонымен қатар іс-шараға қатысушылар Талсуат ауылының «Талсуат» оңалту орталығында өткен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Қайырымды ел» қайырымдылық акциясына қатысты. Өңірлік ҚХА өкілдері балаларға сыйлықтарын табыстап, орталыққа қаржылық көмек көрсетті. Көңілдері қуанышқа толы «Талсуат» орталығының қызметкерлері мен бүлдіршіндері алғыстарын өз өнерлерімен жеткізді.

«Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» жобасының бірінші күні жаппай саяси қуғын-сүргіннің басталғанына 80 жыл толуына арналған «Алжир» фильмінің көрсетілімімен аяқталды.

ALASHINFORM
ҚАЗАҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ

<http://alashinform.kz/kz/onlinenews/7077-tarihtan-taylym-tkenge-tazym.html>

Қызылордада «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық форум өтуде, деп хабарлайды **alashinform.kz** ақпараттық агенттігі.

Форумға ҚР Мемлекеттік хатшысы Г. Әбдіқалықова, КХА Төрағасының орынбасары Д. Мыңбай, облыс әкімі Қ. Көшербаев, бірқатар зиялы қауым өкілдері мен Оңтүстік Корея (Сангчел Ким-Ханкук университеті Орталық Азия Институтының профессоры), Түркия (Тогрул Исмаил – Түркия технология және бизнес университетінің профессоры) елдерінен және республика өңірлерінен келген ғалымдар мен форум делегаттары қатысып отыр.

<http://alashinform.kz/kz/lentanews/7070-azastan-tarihy-hrestomatiyasyny-tsaukeser-tt.html>

«Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық форумы аясында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында "Қазақстан тарихы. Құжаттар мен материалдар 1917-2012" хрестоматияның тұсаукесері өтті, деп хабарлайды alashinform.kz ақпараттық агенттігі.

Архивтік құжаттарға негізделген бұл жинақта еліміздің бір ғасырдан астам тарихы, республикада қабылданған шешімдер, маңызды саяси оқиғалар және Қазақстанның әр кезеңдегі дамуы қамтылған.

Кітаптың таныстырылымына Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Б. Жапаров, ҚР Президент жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ-нің директоры А.Тараков, Мемлекет тарихы институтының директоры, ҚХА ҒСК мүшесі Б. Аяған, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ҚХА депутаттық тобының мүшесі Р. Ким, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессорлық-ұстаздар құрамы қатысты. Жиын барысында ҚР Президенті Архивінің директоры Борис Жапаров хрестоматияның оқырмандар үшін маңыздылығын айтты.

<http://alashinform.kz/kz/newsday/7095-kkusherbaev-eto-sakralnoe-mesto-kotoroe-nuzhno-chtit.html>

Бүгін Қызылорда қаласында қайта жаңғыртылған ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған Мемориалдық ескерткіш жанында «Азалы тарихқа тағзым» атты митинг өтті, деп хабарлайды alashinform.kz ақпараттық агенттігі. Митингте құрбандарды еске алу мақсатымен бір минуттық үнсіздік жарияланып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Шараға жалпы 3 мыңнан астам адам қатысты. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу шарасына ҚР Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіқалықова, КХА Төрағасының орынбасары Д.Мыңбай, облыс әкімі Қ.Көшербаев, бірқатар зиялы қауым өкілдері мен Оңтүстік Корея, Түркия елдерінен келген ғалымдар қатысты.

Митингте сөз сөйлеген Мемлекеттік хатшы Г. Әбдіқалықова 3 млн-нан астам адамның саяси қуғын-сүргін және ашаршылықтың құрбаны болғанын айтып, Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «*Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржолға күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды*», - деген сөздерін атап көрсетті.

Шара барысында сөз алған облыс әкімі Қ. Көшербаев: «*XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көзінің жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттері. Бас қосып, жиын өткізіп тұрған осы төбе – сол кездегі қанды қырғынның куәсі. Осы жерде қанишама ұлт зиялылардың мүрдесі жерленді. Ендеше, бұл жер – барлығымыз үшін тағзым етіп, бас иетін киелі орын. Сондықтан, қайта жаңғыртудан өткізіп, бүгін пайдалануға беріп отырған ескерткіш маңында шағын аллея мен арнайы тағзым ету орындары қарастырылды*», - деді.

Айта кететін жайт, ескерткіш Қызылорда қаласының Арай тұрғын ауданында орналасқан. Қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштің қайта жаңғырту жұмыстарына облыстық бюджеттен 142 млн. 470 мың теңге бөлінді. Бұл жоба шеңберінде шағын аллея мен арнайы тағзым ететін орындары салынды. Жарық шамдары орнатылып, кеспе тастар төселген. Қайта жаңғырту жұмыстары «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС-і арқылы жүргізілді.

http://www.inform.kz/kz/kr-memlekettik-hatshysy-korkyt-ata-memorialdyk-kesheninde-zhane-zhyraular-uyinde-boldy_a3031305

ҚЫЗЫЛОРДА. ҚазАқпарат - Бүгін Қызылордаға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова және Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Дархан Мыңбай бастаған делегация келді. Делегаттар Бірінші Арал халықаралық форумына қатысып, «Қорқыт Ата» мемориалдық кешенінде және Жосалы кентіндегі «Жыраулар» үйінде, Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінде болып, шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездесті, деп хабарлады ҚазАқпарат тілшісі облыстық әкімдікке сілтеме жасап. «Қорқыт Ата» атындағы мемориалдық кешен мен «Байқоңыр» ғарыш айлағы Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында туристер келетін нысандардың тізіміне енген. Мәртебелі меймандар кешеннің зиярат ету орталығы мен мұражайын аралап көрді. Қармақшы - әйгілі жыршы, жырауларымен даңқы шыққан аудан. Гүлшара Әбдіқалықова мен Дархан Мыңбай аймақтағы дәстүрлі өнер тарихымен танысып, жас жыраулардың өнерін тамашалады. Содан соң құрметті қонақтар алдында атақты жыраулар - Бидас Рүстембеков пен Алмас Алматов өнер керсетті. ҚР Мемлекеттік хатшысы жергілікті өнерпаздардың өнерін жоғары бағалады. Сондай-ақ, шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен кездесуде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы және ұлттық мәдениет пен өнерді дамыту мәселелері кеңінен талқыланды.

http://lenta.inform.kz/kz/alah-arystarynyn-omiri-katygezdiikpen-kiylsa-da-olardyn-ruhy-oshpedi-gulshara-abdikalykova_a3031480

ҚЫЗЫЛОРДА. ҚазАқпарат - Қызылордадағы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған мемориалды кешенде "Азалы тарихқа тағзым" атты митинг өтті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Жиынға ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова қатысып, Алаш ардақтыларының есімі ел жадында мәңгі сақталатынын айтты.

«Қиын заманда Қиыр Шығыстан, Еділ бойынан, Солтүстік Кавказдан күштеп жер аударылған түрлі ұлт өкілдері елімізге қоныстанды. Қазақ халқы өздері қуғын-сүргінге ұшырап отырғанына қарамастан тауқымет тартқан барша ұлысты бауырына басты, қамқорлық көрсетті. Соның ішінде Сыр өңірінің жұртшылығы сырттан келген ағайынға құшағын айқара ашып, қиын кезеңдерде пана болды. Сол алмағайып заманда қалыптасқан өзара татулық пен туыстық қатынастар бүгінгі күнге дейін барынша нығайып, бекіді. Өткен жүз жылдықтың басында Қазақ автономиялық Республикасының алғашқы астанасы болған Қызылорда жеріне Алаш қайраткерлерінің әдебиет, ғылым саласындағы зиялылардың шоғырланып, рухани құндылықтарымызды сақтап қалу жолында күрескені тарихтан белгілі. Оларды қуғын-сүргінге ұшырату арқылы халқымыздың Тәуелсіздікке деген арман мақсатына тұсау салуды көздеді. Бірақ Алаш арыстарының өмірі қатыгездікпен қиылса да, олардың рухы өшпеді. Өткенге салауат айтып, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын жадымызда сақтау біздің қасиетті борышымыз, - деді ҚР Мемлекеттік хатшысы Г. Әбдіқалықова.

Митингке қатысқандар елдік жолында көз жұмған ата-баба рухтарына құран бағыштап, ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

http://lenta.inform.kz/ru/gul-shara-abdykalikova-prinyala-uchastie-v-mitinge-azaly-tarihka-tagzym-v-kyzylordinskoy-oblasti_a3031479

АСТАНА. КАЗИНФОРМ - Государственный секретарь Республики Казахстан Гульшара Абдыкаликова приняла участие в митинге «Азалы тарихқа тағзым» у реконструированного Монумента жертв политических репрессий и голода в Кызылординской области. Об этом сообщает пресс-служба Акорды.

Участники митинга почтили память репрессированных минутой молчания и возложили цветы к монументу.

Выступая на митинге, Гульшара Абдыкаликова отметила, что жертвами политических репрессий и голода стали более 3-х млн человек. Госсекретарь напомнила слова Президента Казахстана, сказанные в программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»: «Уроки XX века для нашего народа во многом трагические. Во-первых, был сломан естественный путь национального развития и навязаны чуждые формы общественного устройства. Во-вторых, нанесен страшный демографический удар по нации. Удар, который сказался на протяжении целого столетия. В-третьих, едва не были утрачены казахский язык и культура. В-четвертых, территория Казахстана превратилась во многих регионах в территорию экологического бедствия».

Кроме того, Госсекретарь приняла участие в международной конференции «Ұлттық сана: тарихи тәжірибе және рухани жаңғыру». В конференции также участвовали аким Кызылординской области Крымбек Кушербаев, заместитель Председателя - заведующий Секретариатом АНК Дархан Мынбай, депутаты Мажилиса Парламента РК, представители государственных органов, члены АНК, советов общественного согласия, заведующие секретариатами региональных ассамблей, зарубежные и отечественные эксперты, научная интеллигенция, потомки репрессированных и депортированных.

В своем приветственном слове Государственный секретарь отметила высокую общественно-политическую значимость и практическую нацеленность конференции, которая дает возможность расширению границ исторического сознания, взглянуть на события и факты той эпохи в их взаимосвязи и преемственности.

На конференции также рассматривались ценности «Алаш» в контексте современной казахстанской государственности, опыт исторического анализа периода репрессий, голода и депортаций и другие вопросы.

Гульшара Абдыкаликова подчеркнула, что обсуждение трагических страниц истории Казахстана первой половины XX века является важным вкладом в процесс модернизации общественного сознания.

По итогам конференции было принято Обращение участников форума народу Казахстана.

Во второй половине дня Государственный секретарь посетила детскую деревню Атамекен и дворец студентов Кызылординского государственного университета имени Коркыт ата.



https://www.kt.kz/rus/society/v_kizilorde_pochtili_pamjatj_zhertv_politicheskikh_repressij_i_goloda_1153640297.html

Кызылорда. 31 мая. Kazakhstan Today - 30 - 31 мая в Кызылорде состоялись мероприятия ежегодного международного проекта Ассамблеи народа Казахстана "Память во имя будущего", посвященного Дню памяти жертв политических репрессий и голода, передаёт Kazakhstan Today.

В первый день мероприятий, 30 мая, на базе учебных заведений и предприятий Кызылорды прошли Уроки мира с участием членов АНК, профессорско-преподавательского состава вузов, сотрудников музеев, архивов, библиотек, представителей предприятий, студенческой молодежи, сообщает официальный портал акимата Кызылординской области.

Кроме того, в ауле имени Наги Ильясова состоялось выездное заседание Совета общественного согласия АНК Кызылординской области "Модернизация общественного сознания через призму Советов общественного согласия", а в областной универсальной научной библиотеке имени А. Тажибаева прошла акция "Ассамблеядан тендессіз сый" - "Дар от Ассамблеи", где была презентована хрестоматия "История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012)".

В реабилитационном центре "Талсуат" аула Талсуат прошла благотворительная акция "Кайырымды ел" для детей с ограниченными возможностями.

Первый день завершился показом фильма "АЛЖИР", посвященного 80-летию начала массовых политических репрессий, который состоялся в 17.30 в кинозале ТРЦ "Жибек жолы".

Во второй день форума, 31 мая, с участием Государственного секретаря РК Гульшары Абдикалыковой прошел митинг у памятника жертвам политических репрессии и голода, во Дворце студентов Кызылординского государственного университета им. Коркыт ата - научно-практическая конференция "Тарихи жады жане тағылым - рухани жангырудын негизи".

Участникам конференции будет представлена историко-документальная выставка "Тар жол, тайгак кешу".

По завершению пленарного заседания начнут работу 4 секции: "Ценности Алаш в контексте казахской государственности"; "Наследие Алаш - историческая память", "Опыт исторического анализа периода репрессий, голода и депортаций в Казахстане"; "Вклад Казахстана в победу в Великой Отечественной войне

https://www.kt.kz/rus/society/v_denj_pamjati_zhertv_politrepresij_v_biblioteke_kizilordi_sostojalasj_akcija_dar_ot_assamblei_1153640293.html

В День памяти жертв политрепрессий в библиотеке Кызылорды состоялась акция "Дар от Ассамблеи" 31.05.2017

Общество 11:13

Кызылорда. 31 мая. Kazakhstan Today - Сегодня в рамках ежегодного международного проекта Ассамблеи народа Казахстана "Память во имя будущего", посвященного дню памяти жертв политических репрессий и голода, в Кызылорде в областной универсальной научной библиотеке имени Абдильда Тажибаева состоялась акция "Ассамблеядан тендессиз сый" - "Дар от Ассамблеи", передает Kazakhstan Today.

В ходе акции, посвященной дню памяти жертв политических репрессий и голода, для Кызылординской общественности была презентована хрестоматия "История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012)", сообщает акимат Кызылординской области.

Как информировала пресс-секретарь АНК Кымбат Досжан, подобная акция в рамках форума проводится впервые. Она прежде всего полезна для книголюбов и читателей земли Сыра. В хрестоматию занесено множество новых, неизвестных фактов. Среди книжных даров библиотеки - Антология музыкальных этносов Казахстана.



<https://ru.kyzylorda-news.kz/news/lifnews/15003-dary-dlya-biblioteki.html>

Сегодня в рамках ежегодного международного проекта Ассамблеи народа Казахстана «ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ – ӨТКЕНГЕ ТАҒЫМ» - «ПАМЯТЬ ВО ИМЯ БУДУЩЕГО», посвященного Дню памяти жертв политических репрессий и голода, в Кызылорде в областной универсальной научной библиотеке имени А.Тажибаева состоялась акция «Ассамблеядан тендессіз сый» - «Дар от Ассамблеи». В ходе акции, посвященной Дню памяти жертв политических репрессий и голода, для кызылординской общественности была презентована хрестоматия «История Казахстана. Документы и материалы (1917–2012)». Как информировала пресс-секретарь АНК Кымбат Досжан, подобная акция в рамках форума проводится впервые. Она, прежде всего, полезна для книголюбов и читателей земли Сыра. В хрестоматию занесены множество новых, неизвестных доселе фактов. Среди книжных даров библиотеки – Антология музык этносов Казахстана. Следующее мероприятие в рамках форума состоится в реабилитационном центре «Талсуат» аула Талсуат, где пройдет благотворительная акция «Қайырымды ел» для детей с ограниченными возможностями.

<https://ru.kyzylorda-news.kz/news/lifnews/15021-chtoby-pomnili.html>

30 - 31 мая в Кызылординской области пройдут мероприятия в рамках ежегодного международного проекта «Память во имя будущего», посвященные Дню памяти жертв политических репрессий и голода.

Цель проекта «Память во имя будущего» – способствовать формированию общенационального исторического сознания, укреплению национального единства, объединению гражданского общества и государства в сохранении исторической памяти и ее передаче будущим поколениям. Проект реализуется Ассамблеей народа Казахстана с 2010 года.

Для увековечивания памяти о жертвах политических репрессий в Казахстане Указом Президента РК Нурсултана Назарбаева от 5 апреля 1997 года 31 мая было объявлено Днем памяти жертв политических репрессий. Принимая во внимание обращения граждан и общественных объединений страны, в 2011 году в Указ были внесены важные дополнения, и 31 мая стало для казахстанцев Днем памяти жертв политических репрессий и голода.

День памяти – это дань невинным жертвам Великой трагедии казахского народа – голода, пик которого пришелся на 1932-33 годы. Из истории известно, что насильственная коллективизация привела к небывалому голоду на казахской земле. Если накануне коллективизации в Казахстане было 40,5 миллиона голов скота, то на 1 января 1933 года осталось всего около 4,5 миллиона голов. Голод в Казахстане достиг огромных масштабов. Спасаясь от голода и репрессий, свыше 1 миллиона человек мигрировало за пределы республики, из них более 600 тысяч человек не смогли вернуться обратно.

После обретения Казахстаном независимости из-за рубежа вернулось в страну более одного миллиона казахов. День памяти – это дань безвинно репрессированным людям, которые бескорыстно служили во благо процветания страны. В 1937-38 годы в Казахстане было репрессировано более 100 тысяч человек, расстреляно свыше 25 тысяч. Среди них были видные общественные и государственные деятели, представители научной, творческой интеллигенции. Видные деятели своего времени, наши земляки Сулеймен Ескараев, Темирбек Жургенов, Ильяс Кабылов, Нурмухамед Уткелбаев, Хамза Сарбасов, Бегайдар Аралбаев, Темир Камалов, Коныркожа Кожыков и другие стали жертвами репрессивной политики.

День памяти – это дань алашской интеллигенции, которая боролась за независимость казахского народа. Это высокообразованные представители национальной интеллигенции, которые учились в ведущих учебных заведениях Санкт-Петербурга, Москвы, Казани, Оренбурга, Варшавы, Стамбула и других городов: Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Мыржакып Дулатов, Халел Досмухаметов, Жаханша Досмухаметов, Мустафа Шокай, Мухамеджан Тынышбаев, Гумар Караш, Халел Габбасов, Алпысбай Калменов, Ахмет Биримжанов и многие другие.

В текущем году движению Алаш исполняется 100 лет. Основная цель, к которой они стремились, заключалась в единении казахского общества вокруг идеи Алаш и создании демократического, унитарного, светского государства. День памяти – это дань депортированным народам, которые безвинно и без всяких оснований были выселены в чужие края. В период массовых политических репрессий необоснованные карательные меры применялись против отдельных народов по этнической принадлежности.

В Казахстан было насильственно переселено 1 миллион 200 тысяч человек и размещено 38% немцев, 83% чеченцев и ингушей, 59% корейцев, 58% карачаевцев, 55% балкарцев, 76% греков, 62% курдов... В период массовых политических репрессий на территорию Казахстана были высланы и депортированы представители 62 этносов. В 1936 году из западных регионов СССР были переселены поляки и немцы: на север Казахстана – 64319 человек, в Южно- Казахстанскую область – 4964 человека. В 1937 году началась

депортация корейцев из Дальнего Востока. В Казахстан 90 эшелонами переселено 20789 семей, или 98 454 представителя корейского этноса.

В том же году на базе корейского педагогического института, также прибывшего с Дальнего Востока, в регионе открылся первый вуз– пединститут им. Н.В.Гоголя (ныне Кызылординский государственный университет имени Коркыта ата), в текущем году он отмечает 80-летний юбилей. В 1941 году в Казахстан переселено 467 тысяч немцев Поволжья, из них 1291 размещен в Аральском районе, 1854 – в Казалинском районе. Часть депортированных в 1942 году из Краснодарского края (около 4 тысяч) греков была размещена в Казалинском районе. В 1943-1944 годах началась депортация народов Северного Кавказа и Крыма в Сибирь, Узбекистан, Казахстан. В их числе карачаевцы, чеченцы и ингуши, балкарцы, крымские татары, турки-месхетинцы. В 1943 году в Кызылординской области было размещено более двух тысяч человек из Калмыцкой АССР. В 1949 году в Кызылорду 250 вагонами привезено 1168 греческих семей, состоящих из 4604 человек.

Депортированные народы, прибывшие в Казахстан без средств к существованию, могли выжить только благодаря братской помощи казахского народа. Депортированные народы нашли в Казахстане не только место, где можно пережить лихую годину, но и обрели Родину для себя и своих потомков. Они не только выжили, сохранились как этносы, но и заняли достойное место в полиэтничном Казахстане. Каждый из них считает своей Родиной Казахстан.

31 мая - День памяти жертв политических репрессий

Сегодня и завтра, 30-31 мая, в Кызылорде, состоятся мероприятия ежегодного международного проекта Ассамблеи народа Казахстана «ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ – ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ» - «ПАМЯТЬ ВО ИМЯ БУДУЩЕГО», посвященного Дню памяти жертв политических репрессий и голода.

В первый день мероприятий, 30 мая, на базе учебных заведений и предприятий Кызылорды пройдут Уроки мира с участием членов АНК, профессорско-преподавательского состава вузов, сотрудников музеев, архивов, библиотек, представителей предприятий, студенческой молодежи.

Далее цепочка мероприятий продолжится в ауле имени Наги Ильясова. Здесь состоится выездное заседание Совета общественного согласия АНК Кызылординской области «Модернизация общественного сознания через призму Советов общественного согласия», а в областной универсальной научной библиотеке имени А.Тажимаева акция «Ассамблеядан теңдессіз сый» - «Дар от Ассамблеи», а также будет презентована хрестоматия «История Казахстана. Документы и материалы (1917–2012)».

В реабилитационном центре «Талсуат» аула Талсуат пройдет благотворительная акция «Қайырымды ел» для детей с ограниченными возможностями.

Первый день завершится показом фильма «АЛЖИР», посвященного 80-летию начала массовых политических репрессий, который состоится в 17.30 ч. в кинозале ТРЦ «Жібек жолы».

Во второй день форума, 31 мая, с участием Государственного секретаря РК Гульшары Абдикалыковой пройдут митинг у памятника жертвам политических репрессии и голода (мкр. «Арай»), во Дворце студентов Кызылординского государственного университета им.Коркыт ата научно-практическая конференция «Тарихи жады және тағылым – рухани жаңғырудың негізі».

Участникам конференции будет представлена историко-документальная выставка «Тар жол, тайғақ кешу».

По завершению пленарного заседания начнут работу 4 секции: «Ценности Алаш в контексте казахской государственности»; «Наследие Алаш – историческая память», «Опыт исторического анализа периода репрессий, голода и депортаций в Казахстане»; «Вклад Казахстана в победу в Великой Отечественной войне».

<https://ru.kyzylorda-news.kz/news/lifnews/15024-v-kyzylorde-sostoyalsya-miting-posvyaschenny-dnyu-pamyati-zhertv-politicheskikh-repressiy-i-goloda.html>

Сегодня в Кызылорде с участием Госсекретаря РК Гулшары Абдикалыковой состоялся митинг, посвященный памяти жертв политических репрессий и голода.

Политические репрессии - одна из самых печальных страниц истории не только казахского народа, но и всего народа Советского Союза. В середине прошлого столетия в лагерь тоталитарной системы, как КАРЛАГ, ГУЛАГ, АЛЖИР, расположенных на территории Казахстана, по историческим данным попало около 120 тысяч казахстанцев.

В церемонии, прошедшей у Мемориала жертв политических репрессий и голода, приняли участие глава региона К.Кушербаев, представители интеллигенции области, депутаты маслихатов, потомки репрессированных, студенты и жители города. Участники митинга минутой молчания почтили память жертв политических репрессий и возложили цветы к памятнику.

- В 30-40-х годах прошлого века при «сталинском» режиме в Казахстан были депортированы целые народы из Дальнего Востока, Северного Кавказа, Приуралья, Поволжья... В те роковые годы семьи казахов, несмотря на все тяготы сурового времени, поделились с ними кровом и пищей. Для многих депортированных этносов спасителем стала земля Сыра. Сегодня, те, кто пережил ту зловещую эпоху, и их потомки с великой теплотой вспоминают и благодарят гостеприимство и благодушие казахов, - отметила в своем выступлении Г.Абдикалыкова.

<https://kyzylorda-news.kz/news/lifnews/15250-ktaphanaa-tartu-zhasaldy.html>

«Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» форумы аясындағы «Теңдессіз сый» шарасында облыстық кітапханаға кітаптар топтамасы тарту етіліп, «История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012)» хрестоматиясының таныстырылымы өтті.

– Саяси-қуғын сүргін құрбандарын еске алу күніне орай тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған форум аясында акциядан ел алдымен оқырман ұтады. Біз тарту еткен топтамалар арасында еліміздегі 1917 – 2012 жылдар аралығында өткен оқиғалар жайлы «История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012)» хрестоматиясының орны бөлек. Сондай-ақ, кітапханаға табысталған туындылар ішінде Қазақстандағы ұлттар музыкасының антологиясы да бар,– дейді ҚХА баспасөз хатшысы Қымбат Досжан.

Түстен кейін «Қайырымды ел» акциясы аясында Талсуат ауылындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық шарасы ұйымдастырылады.

Сегодня в Кызылорде у Монумента жертвам политических репрессий и голода прошел митинг «Азалы тарихқа тағзым» с участием Госсекретаря РК Гульшары Абдыкаликовой, заместителя председателя Ассамблеи народа Казахстана Дархана Мынбая, акима Кызылординской области Крымбека Кушербаева, профессора Южнокорейского университета Ханкука Сангчела Кима и профессора Турецкого университета технологии и бизнеса Тогрула Исмаила.

Почтить память погибших пришли свыше 3 тысяч кызылординцев. Участники митинга почтили память репрессированных минутой молчания и возложили цветы к монументу.

В своем выступлении на митинге Госсекретарь РК Г.Абдыкаликова, в частности, отметила, что годы репрессий и голода унесли жизни более трех миллионов людей и процитировала слова Елбасы Н.А.Назарбаева, сказанные в программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»: «Уроки XX века для нашего народа во многом трагические. Во-первых, был сломан естественный путь национального развития и навязаны чуждые формы общественного устройства. Во-вторых, нанесен страшный демографический удар по нации. Удар, который сказался на протяжении целого столетия. В-третьих, едва не были утрачены казахский язык и культура. В-четвертых, территория Казахстана превратилась во многих регионах в территорию экологического бедствия».

- Политические репрессии и голод в XX веке стали печальной страницей истории нашего народа, пропитанной кровью и слезами тысяч невинных людей. Холм, на котором сейчас мы находимся, является прямым свидетелем той кровавой истории. Здесь были похоронены тела многих представителей интеллигенции. Поэтому это сакральное место, которое нужно чтить. Мы полностью реконструировали монумент жертвам политических репрессий и голода, осуществив также строительство малой аллеи и специального места для поклонения праху усопших, - подчеркнул аким области К.Кушербаев.

Отметим, сегодня во всех районных центрах Кызылординской области прошли митинги «Азалы тарихқа тағзым», посвященные Дню памяти жертв политических репрессий и голода.

Бүгін Қызылордада 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай митинг өтті. Митингке ҚР Мемлекеттік хатшысы Г. Әбдіқалықова, ҚХА Төрағасының орынбасары Д. Мыңбай, облыс әкімі Қ. Көшербаев, бірқатар зиялы қауым өкілдері мен Оңтүстік Корея, Түркия елдерінен келген ғалымдар қатысты.

Жиналғандар елдікті аңсап, сол жолда мерт болған азаматтарды бір минут үнсіздікпен еске алып, құрбан болғандардың рухына тағзым етті.

Жиырмасыншы ғасырдың басында талайды сарсаңға салып, қасірет шектірген осынау қаралы күннің елімізде жарияланғанына 20 жыл толып отыр. Ұлттық рухы биік қазақтың барлық көрнекті қайраткерлері, ұлт зиялылары осы қасіреттің жазықсыз құрбандары болды.

